

Көше атауын өзгерту туралы

Жамбыл облысы Байзақ ауданы Көктал ауылдық округі әкімінің 2018 жылғы 16 қарашадағы № 71 шешімі. Жамбыл облысы Әділет департаментінде 2018 жылғы 6 желтоқсанда № 4010 болып тіркелді

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңының 14 бабының 4) тармақшасына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 37 бабына, Жамбыл облысы әкімдігі жанындағы ономастика комиссиясының 2018 жылғы 19 сәуірдегі қорытындысы негізінде және тиісті аумақ халқының пікірін ескере отырып, Көктал ауылының әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Көктал ауылындағы Степная көшесі Ұлы Дала көшесі болып өзгертілсін.
2. Осы шешімнің орындалуын бақылау Көктал ауылы әкімі аппаратының іс жүргізуші бас маманы Ж.Мамытбаевқа жүктелсін.
3. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және оның алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Ауыл әкімі

Б. Үкібаев